



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІІМ М.БӨКЕНБАЕВ АТЫНДАҒЫ
АҚТӨБЕ ЗАҢ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ ВЕСТНИК

АКТЮБИНСКОГО
ЮРИДИЧЕСКОГО ИНСТИТУТА
МВД РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ИМЕНИ М.БУКЕНБАЕВА



№4(5)

2021

Ғылыми-тәжірибелік журнал
2020 жылдың қыркүйек айынан бастап
жылына төрт рет шығады

Научно-практический журнал
Выходит четыре раза в год
с сентября 2020 года



**ҒЫЛЫМИ–ТӘЖІРИБЕЛІК ЖУРНАЛ
«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІМ М. БӨКЕНБАЕВ
АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ЗАҢ ИНСТИТУТЫНЫҢ
ХАБАРШЫСЫ»**

**НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
«ВЕСТНИК АКТЮБИНСКОГО ЮРИДИЧЕСКОГО
ИНСТИТУТА МВД РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ИМЕНИ М. БУКЕНБАЕВА»**

**SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL
«THE BULLETIN OF AKTOBE LAW INSTITUTE OF THE
MINISTRY OF INTERNAL AFFAIRS
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
NAMED AFTER M. BUKENBAYEV»**

№ 4(5) 2021

Ақтөбе, 2021

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ИМ М. БӨКЕНБАЕВ АТЫНДАҒЫ
АҚТӨБЕ ЗАҢ ИНСТИТУТЫНЫҢ ХАБАРШЫСЫ»
ҒЫЛЫМИ–ТӘЖІРИБЕЛІК ЖУРНАЛЫ
2021 № 4(5)**

Құрылтайшы:

«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Малкеджар Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты»
Республикалық мемлекеттік мекемесі.

2020 жылдан бастап шығады.

Журнал Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген
Тіркеу куәлігі: 2020 жылғы 23 сәуірдегі № KZ94VPY00022587.

Жауапты редактор:

Байсултанов А.Б. – заң ғылымдарының кандидаты.

Редакциялық алқа құрамы:

Н.А. Биекенов (з.ғ.д., профессор);

Е.О.Түзелбаев (з.ғ.д., профессор);

Ж.Р. Дильбарханова (з.ғ.д., профессор);

В.Г.Татарян (з.ғ.д., профессор);

З.С. Токубаев (з.ғ.д., профессор);

Т.К. Акимжанов (з.ғ.д., профессор);

В.А. Азаров (з.ғ.д., профессор, Ресей Федерациясы);

О.А. Авдеева (з.ғ.д., доцент, Ресей Федерациясы);

А.Ж.Нурушев (з.ғ.к., қауымдастырылған профессор)

Е.Т. Абеуов (з.ғ.к., қауымдастырылған профессор);

Г.Ж. Сулейманова (з.ғ.к.);

Е.К. Балымов (PhD докторы).

«Қазақстан Республикасы ИМ М. Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының хабаршысы» ғылыми–тәжірибелік журналы Қазақстан мен шет елдердің құқық қорғау органдарының ғалымдары мен практикалық практикалық қызметкерлерінің ғылыми зерттеулерінің нтижелерін ашық баспада жариялау мақсатында дайындалған.

Тіл: қазақ, орыс, ағылшын.

Жиілігі: тоқсанына бір рет.

Тақырыптық бағыт: заң ғылымдары, құқық қорғау қызметі, көпсалалы зерттеулер.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы, ТМД елдері, алыс шет елдер.

Жауапты хатшы:

М.Д.Тулешев (з.ғ.м.)

Беттеу:

Тулемухамбетов А.Б.

Редакцияға келіп түскен материалдар қайтарылмайды. Ғылыми және нақты сипаттағы қателіктер, дәлсіздіктер үшін автор (авторлар) жауап береді. Егер мақала қабылданбаса, редакция алқасы бас тарту себептері бойынша пікірталас жүргізбеу құқығын сақтайды. Материалдарды басқа басылымдарда пайдалануға редакцияның жазбаша келісімімен ғана жол беріледі. Журналға сілтеме міндетті түрде қажет.

Мекен жайы:

Қазақстан Республикасы ИМ М. Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының ғылыми-зерттеу және редакциялық-баспа жұмыстарын ұйымдастыру бөлімі.

030011, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ., Курсанттар тас жолы,1.

вебсайт: www.aui-aktobe.kz

e-mail: [mail@ ui-aktobe.kz](mailto:mail@ui-aktobe.kz)

Басуға 25 желтоқсан 2021ж. жіберілді.

А4 форматы. Офсеттік қағаз.

Ризографтық басылым.

Таралымы 200 дана.

Қазақстан Республикасы ИМ М. Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты, 2021.

**НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
«ВЕСТНИК АКТЮБИНСКОГО ЮРИДИЧЕСКОГО ИНСТИТУТА МВД
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ИМЕНИ М.БУКЕНБАЕВА»
2021 № 4(5)**

Собственник:

Республиканское государственное учреждение «Актюбинский юридический институт Министерства
внутренних дел Республики Казахстан имени Малкеджара Букенбаева»

Издается с 2020 года.

Журнал зарегистрирован в Комитете информации

Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан.

Регистрационное свидетельство № KZ94VPY00022587 от 23 апреля 2020 года.

Ответственный редактор:

Байсултанов А.Б. – кандидат юридических наук

Редакционная коллегия:

Биекенов Н.А. (д.ю.н., профессор);

Түзелбаев Е.О. (д.ю.н., профессор);

Дильбарханова Ж.Р. (д.ю.н., профессор);

Татарян В.Г. (д.ю.н., профессор);

Токубаев З.С. (д.ю.н., профессор);

Акимжанов Т.К. (д.ю.н., профессор);

Азаров В.А. (д.ю.н., профессор, Российская Федерация);

Авдеева О.А. (д.ю.н., доцент, Российская Федерация);

Нурушев А.Ж. (к.ю.н., ассоциированный профессор)

Абеуов Е.Т. (к.ю.н., ассоциированный профессор);

Сулейманова Г.Ж. (к.ю.н.);

Балымов Е.К. (доктор PhD)

Научно-практический журнал «Вестник Актюбинского юридического института МВД Республики Казахстан имени М. Букенбаева» предназначен для публикации в открытой печати результатов научных исследований ученых и практических работников правоохранительных органов Казахстана и зарубежных стран.

Язык: казахский, русский, английский.

Периодичность: 1 раз в квартал.

Тематическая направленность: юридические науки, правоохранительная деятельность, мультидисциплинарные исследования.

Территория распространения: Республика Казахстан, страны СНГ, дальнее зарубежье.

Ответственный секретарь:

Тулешев М.Д. (м.ю.н.).

Верстка:

Тулемухамбетов А.Б.

Поступившие в редакцию материалы возврату не подлежат. За ошибки, неточности научного и фактического характера ответственность несет автор (авторы). Если статья отклонена, редколлегия сохраняет за собой не вести дискуссию по мотивам отклонения. Использование материалов в других изданиях допускается только с письменного согласия редакции. Ссылка на журнал обязательна.

Адрес:

Отдел организации научно-исследовательской и редакционно-издательской работы Актюбинского
юридического института МВД Республики Казахстан имени М. Букенбаева.

030011, Республика Казахстан, г. Актюбе, Курсантское шоссе 1.

вебсайт: www.aui-aktobe.kz

e-mail: mail@ aui-aktobe.kz

Подписано в печать 25 декабря 2021 г.

Формат А4. Бумага офсетная.

Печать на ризографе.

Тираж 200 экз.

Актюбинский юридический институт МВД Республики Казахстан им. М. Букенбаева, 2021

SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL
«THE BULLETIN OF AKTOBE LAW INSTITUTE OF THE MINISTRY OF
INTERNAL AFFAIRS OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
NAMED AFTER M. BUKENBAYEV»
№ 4(5) 2021

Founder:

«Aktobe law Institute of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan named after Malkedzhar Bukenbayev» Republican state institution.

Published since 2020.

The journal is registered in the information Committee of the Ministry of information and public development of the Republic of Kazakhstan.

Registration certificate no. KZ94VPY00022587 dated April 23, 2020.

Responsible editor:

Baisultanov A.B. – candidate of Law

Editorial Board:

Biekenov N.A. (Doktor of Law, Professor);

Dilbarchanova Zh.R. (Doktor of Law, Professor);

Tataryan V.G. (Doktor of Law, Professor);

Tokubaev Z.S. (Doktor of Law, Professor);

Akimshanov T.K. (Doktor of Law, Professor);

Azarov V.A. (Doktor of Law, Professor, Russian Federation);

Romashov R.A. (Doktor of Law, Professor, Russian Federation);

Nurushev A.Zh. (Candidate of Law, Associate Professor);

Abeuov E.T. (Candidate of Law, Associate Professor);

Suleimanova G.Sh. (Candidate of Law);

Balymov E.K. Philosophy Doctor (PhD).

The scientific and practical journal «The Bulletin of Aktobe Law Institute of the Ministry of internal Affairs of the Republic of Kazakhstan named after M. Bukenbayev» was established in order to publish in the open press the results of scientific research of scientists and practitioners of law enforcement agencies of Kazakhstan and foreign countries.

Publication languages: Kazakh, Russian, English

Periodicity – 1 time per quarter.

Thematic focus: Legal Sciences, Law Enforcement, Multidisciplinary Research.

Distribution territory: the Republic of Kazakhstan, the CIS countries, far abroad.

Executive Secretary:

Tuleshev M.D. (m. of Law)

Layout:

Tuleumukhambetov A.B.

The materials received by the editorial office are not subject to return. The author (authors) is responsible for mistakes and inaccuracies of a scientific and factual nature. If the article is rejected, the editorial Board will reserve the right not to discuss the reasons for rejection. The usage of materials in other publications is allowed only with the written approval of the Editorial Board. The link to the journal is required.

Address:

Department of organization of research and editorial and publishing work Aktobe Law Institute of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan named after M. Bukenbayev.

1, Kursantskoe shosse, Aktobe city, Republic of Kazakhstan, 030011.

website: www.aui-aktobe.kz

e-mail: [mail@ ui-aktobe.kz](mailto:mail@ui-aktobe.kz)

Signed to the press on december's 25 2021 years

Format A4. Offset paper.

Printing on the risograph.

Circulation 200 copies.

Aktobe law Institute of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan named after M.Bukenbayev, 2021

МАЗМҰНЫ

Т.Ж. Айнабеков Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша іс жүргізу проблемалары	9
Б.С. Аманқұлова Қазіргі таңдағы әкімшілік іс жүргізу құқықтық қатынастарының әкімшілік әділеттік саласындағы стратегиялық дамуының концептуалдық құқықтық мәселелері	13
Қ.С. Әлімбетова Әкімшілік құқық бұзушылық бойынша әкімшілік іс жүргізу барысында аудармашының іске қатысуы	16
Е.К. Балымов, Д.Б. Акмурзин Қазақстан Республикасындағы сотталғандардың құқықтық жағдайының негізгі ұғымдары мен мәні	19
Е.К. Балымов, Ж.К. Байдулина Сыбайлас жемқорлықтың әсерінен мемлекет пен қоғамның қазіргі дамуы	24
Е.К. Балымов, Ш.Т. Ельтаев Қазіргі кезеңде терроризм мен діни экстремизмнің алдын алу және оған қарсы тұру	28
Е.К. Балымов, А.Ж. Жұмабек Құқық қорғау және мемлекеттік органдардың терроризмнің алдын алу мен алдын алудағы рөлі.....	33
Е.К. Балымов, А.Г. Тастаева Азаматтық-құқықтық дауларды құқықтық реттеу тарихы	36
Ә.Е. Биболов Қазақстан Республикасындағы және шет елдердегі бас бостандығынан айыру орындарында сотталғандардың құқықтарының сақталуын халықаралық міндеттемелер тұрғысынан салыстырмалы талдау	41
А.С. Ибраева, Г.Ж. Акшолоков Дене шынықтыру және спорт аспектілері қоғамдық сананы дамытудың әлеуметтік мүмкіндіктері ретінде ...	46
Е.И. Исibaева, З.З. Нұрыш Қоғамның саяси жүйесінің институционалдық негізінің құқықтық реттелуі	49
Ж. К. Каирбаев, Н.А. Таласбаев Спортшыға арналған спорттық мансапты аяқтау	56
Д.К. Каратикенова Қашықтықтан оқу қазіргі педагогикалық технология ретінде	58
Г.С. Кузекова Ақтөбе заң институтының Covid-19 жағдайында қашықтықтан оқытуды қолданудың практикалық тәжірибесі	61
А.С. Махмұтов, А.А. Тоқмурзин Полицияның әкімшілік қадағалау жүргізу қызметінің құқықтық маңыздылығы	65
Махмұтов А.С., Жаманов А.Б., Тоқмурзин А.А. Учаскелік полиция инспекторларының отбасы-тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайлары профилактикалық бақылау жүргізу тәртібінің құқықтық маңыздылығы	70
Б.М.Мухамедьярова, Д.С.Муканова Қашықтықтан оқыту: артықшылықтары, кемшіліктері, ұйымдастыру мәселелері	74
А.А.Мыштаева Болашақ ПО қызметкерлері-бүгінгі тыңдаушыларға патриоттық тәрбие беру взвод кураторының басты міндеті	77
А.А. Салимов Ішкі істер органдары қызметкерлерінің кәсіптік қызмет барысында виктимологиясы	81
Ж.Е. Сидашева Жоғары оқу орындарында қашықтықтан оқыту	85
А.А. Умурзакова ПО қызметкерлерінің виктимологиялық аспектілері	89
В.Г. Татарян Михаил Иванович Еропкинің туғанына 100 жыл: мұғалім туралы естеліктер	93
Н.У.Турманова, Е.К. Балымов ҚР-да экстремизмнің алдын алу	106
Г.А. Утегенова, Е.К. Балымов Сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың өзектілігі.....	111
АВТОРЛАР ҮШІН АҚПАРАТ	115

СОДЕРЖАНИЕ

Айнабеков Т.Ж. Проблемы производства по административным правонарушениям Республики Казахстан.....	9
Аманкулова Б.С. Концептуальные правовые проблемы стратегического развития административных процессуальных правоотношений в сфере административной юстиции в настоящее время	13
Алимбетова К.С. Административное производство по делам об административных правонарушениях участие переводчика в процессе	16
Балымов Е.К., Акмурзин Д.Б. Основные понятия и сущность правового положения осужденных в Республике Казахстан	19
Балымов Е.К., Байдулина Ж.К. Современное развитие государства и общества под влиянием коррупции	24
Балымов Е.К., Ельтаев Ш.Т. Профилактика и противодействие терроризму и религиозному экстремизму на современном этапе	28
Балымов Е.К., Жумабек А.Ж. Роль правоохранительных и государственных органов в предупреждении и профилактике терроризма	33
Балымов Е.К., Тастаева А.Г. История правового регулирования гражданско-правовых споров	36
Биболов А. Е. Сравнительный анализ соблюдения прав осужденных в местах лишения свободы в Республике Казахстан и за рубежом с точки зрения международных обязательств	41
Ибраева А.С., Акшолоков Г.Ж. Аспекты физической культуры и спорта как социальные задачи развития общественного сознания	46
Исбаева Е.И., Нурыш З.З. Правовое регулирование институциональной основы политической системы общества	49
Каирбаев Ж.К., Таласбаев Н.А. Завершение спортивной карьеры для спортсмена	56
Каратикенова Д. Дистанционное обучение как современная педагогическая технология	58
Кузекова Г.С. Практический опыт применения дистанционного обучения в условиях COVID-19 Актюбинского юридического института	61
Махмутов А.С., Токмурзин А.А. Правовая значимость деятельности полиции по проведению административного надзора	65
Махмутов А.С., Жаманов А.Б., Токмурзин А.А. Особенности работы участковых инспекторов полиции по профилактике правонарушений	70
Мухамедьярова Б.М., Муканова Д.С. Дистанционное обучение: преимущества, недостатки, организационные вопросы	74
Мыштаева А.А. Будущие сотрудники ОВД-главная задача кураторавзвода практического воспитания сегодняшних слушателей	77
Салимов А.А. Виктимология сотрудников органов внутренних дел в процессе профессиональной деятельности	81
Сидашева Ж.Е. Дистанционное обучение в высших учебных заведениях	85
Умурзакова А.А. Виктимологические аспекты сотрудников ОВД	89
Татарян В.Г. К 100-летию со дня рождения Михаила Ивановича Еропкина: воспоминания об учителе	93
Турманова Н.У., Балымов Е.К. Профилактика экстремизма в РК	106
Г.А. Утегенова, Е.К. Балымов. Актуальные вопросы предупреждения коррупции.....	111
ИНФОРМАЦИИ ДЛЯ АВТОРОВ	117

CONTENT

T.J. Ainabekov Problems of proceedings on administrative offenses of the Republic of Kazakhstan	9
B.S. Amankulova Conceptual legal problems of strategic development of administrative procedural legal relations in the field of administrative justice at the present time	13
K.S. Alimbetova Administrative proceedings on an administrative offense participation of an interpreter in the case during .	16
E.K. Balymov, D.B. Akmurzin Basic concepts and essence of the legal status of convicts in the Republic of Kazakhstan	19
E.K. Balymov, J.K. Baidulina Modern development of the state and society under the influence of corruption	24
E.K. Balymov, Sh.T. Eltaev Prevention and counteraction to terrorism and religious extremism at the present stage	28
E.K. Balymov, A.Zh. Zhumabek The role of law enforcement and government agencies in the prevention and prevention of terrorism.....	33
E.K. Balymov, A.G.Tastaeva History of legal regulation of civil law disputes	36
A. E. Bibolov Comparative analysis of compliance with the rights of convicted persons in places of deprivation of Liberty in the Republic of Kazakhstan and foreign countries from the point of view of international obligations	41
A.S.Ibraeva, G.Zh. Aksholakov Aspects of physical culture and sports as social opportunities for the development of public consciousness	46
Isibayeva E.I., Nurysh Z.Z. Legal regulation of the institutional basis of the political system of society	49
Zh.K.Kairbaev, N.A Talasbaev. Completion of a sports career for an athlete	56
D.D. Karatikenova Distance learning as a modern pedagogical technology	58
G.S. Kuzekova Practical experience of using distance learning in the conditions of COVID-19 of the Aktobe Law Institute ...	61
A.S.Mahmutov, A.A. Tokmurzin Legal significance of administrative supervision of the police	65
Makhmutov A.S., Zhamanov A.B., Tokmurzin A.A. Features of the work of district police inspectors on crime prevention	70
B.M.Mukhamedyarova, D.S. Mukanova Distance learning: advantages, disadvantages, organizational issues	74
A.A. Myshtaeva The main task of the platoon curator is to educate future police officers - today's students	77
A. A. Salimov Victimology of employees of internal affairs bodies in the course of professional activity	81
Zh.E. Sidasheva Distance learning in higher education	85
A.A. Umurzakova Victimological aspects of police officers	89
V.G. Tataryan On the 100th anniversary of the birth of Mikhail Ivanovich Eropkin: memories of the teacher	93
N.U. Turmanova , E.K. Balymov Prevention of extremism in the Republic of Kazakhstan	106
G.A. Utegenova, E.K. Balymov Relevance of corruption prevention.....	111
INFORMATION FOR AUTHORS	119

Т.Ж. АЙНАБЕКОВ / T.J. AINABEKOV

Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Момышұлы атындағы оқу орталығы полиция капитаны

Учебный центр МВД Республики Казахстан имени Б. Момышулы капитан полиции

Training center of the Ministry of Internal affairs of the republic of Kazakhstan named after B.Momyshuly police captain

Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша іс жүргізу проблемалары

Аталған ғылыми мақалада қорғаушы мен аудармашының әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша әкімшілік істі жүргізу барысында іске қатысуына қатысты өзекті мәселелері қаралады. Аталған институтты жетілдіру мақсатында автор арқылы заңға өзгерістер мен толықтырулар ұсынылады.

Түйін сөздер: әкімшілік құқық, аудармашы, қорғаушы, әкімшілік іс жүргізу, құқықтық тұжырымдама, нормативтік актілер, қылмыстық теріс қылық.

Проблемы производства по административным правонарушениям Республики Казахстан

В данной статье рассматриваются актуальные вопросы, связанные с участием переводчика и адвоката при осуществлении административных дел об административных правонарушениях. Для улучшения данного института автор предлагает поправки и дополнения к закону.

Ключевые слова: административное право, переводчик, административный процесс, правовая концепция, нормативные акты, уголовный проступок.

Problems of proceedings on administrative offenses of the Republic of Kazakhstan

This article discusses topical issues related to the participation of an interpreter in administrative cases on administrative offenses. To improve this institution, the author proposes amendments and additions to the law

Keywords: administrative law, translator, administrative process, legal conception, normative acts, criminal misconduct.

Қазақстан Республикасының «2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы», елдің 2020 жылға дейінгі құқықтық жүйесінің дамуының негізгі бағыттарын айқындады. Осының негізінде мемлекеттік және қоғамдық институттардың қарыштап дамуына ықпал жасайтын, Қазақстанның орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ететін барлық нормативтік құқықтық актілерді қазіргі заман талабына сәйкестендіру қажет. Заңнамаларды ізгілендіру, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын кепілдендіру мемлекеттің дамуына алып келеді[1, б.3].

Аталған тұжырымдамаға сәйкес, 2014 жылы шілденің 3-5 аралығында «Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексі» және «Қылмыстық процестік кодексі», «Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі», «Қылмыстық атқару кодексі» қабылданды.

Осы нормативтік-құқықтық актілердің бірі - Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі [2, б.1]. Оның мемлекеттің қауіпсіздігі мен дамуында алар орны ерекше. Себебі қылмыстық құқық бұзушылықтардан бөлек, әкімшілік құқық бұзушылықтардың да қоғамға тигізер қауіптілігі жоғары болып табылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізудің басты міндеттерінің бірі *іс жүргізуге қатысушылардың құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ету болып табылады*. Іске қатысушылардың құқықтары бекітілген қағидалар; мемлекеттік органдарға берілген міндеттер және т.б. нормалар арқылы қорғалып отырды.

Мысалы, іске қатысушылардың құқықтары Қазақстан Республикасы ӘҚБтК-нің 744-

758-баптарымен бекітілген. Олар: хаттамамен және істің басқа да материалдарымен танысуға, түсініктемелер беруге, хаттаманың мазмұны мен ресімделуі жөнінде ескертулер жасауға, дәлелдемелер ұсынуға, өтінішхаттар мен қарсылықтарды мәлімдеуге, қорғаушының заң көмегін пайдалануға, істі қарау кезінде ана тілінде немесе өзі білетін тілде сөйлеуге және егер іс жүргізіліп отырған тілді білмесе, аудармашы көрсеткен қызметтерді өтеусіз пайдалануға; іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларының қолданылуы бойынша, нақты деректерге және мән-жайларға сәйкес келмейтін мәліметтер көрсетілген жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы жасауда заңның бұзылуына, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамаға және іс бойынша қаулыға шағым жасауға; одан үзінді көшірме алуға және істегі құжаттардың көшірмелерін түсіріп алуға, сондай-ақ өзіне Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне берілген өзге де процестік құқықтарды пайдалануға құқылы (ҚР ӘҚБтК-нің 744-бабы).

Аталған құқықтардың ішінде «Іске қатысушылардың қорғаушының және аудармашының көмегін пайдалану құқықтары» конституциялық құқықтардың қатарына жатады және басты күшке ие болады. Көрсетілген нормалар орындалмаған жағдайларда, Қазақстан Республикасы ӘҚБтК-нің 765-бабына сәйкес «процестік әрекетті жүргізу тәртібін бұзу» болып табыла отырып, дәлелдемелердің қатарына жатқызылмайды.

Бірақ, қазіргі таңда іске қатысушылардың құқықтарының қорғалу барысында шешімін таппаған мәселелер кездесуде. Кейбір тұлғалардың қорғаушы мен аудармашының көмегін пайдалану сияқты құқықтары толықтай қамтамасыз етілмей отыр.

Мысалы, Қазақстан Республикасының Конституциясының 7-бабына сәйкес, мемлекеттік тіл қазақ тілі болып табылады. Әрбір тұлға өзінің ана тілінде сөйлеуге құқығы бар (19-бап) [3, б.4]. Қазақстан Республикасында әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал қажет болған кезде іс жүргізуде орыс тілі немесе басқа тілдер пайдаланылады. Іс бойынша іс жүргізіліп жатқан тілді білмейтін немесе жеткілікті білмейтін іске қатысушы адамдарға ана тілінде немесе олар білетін басқа тілде мәлімдемелер жасау, түсініктемелер мен айғақтар беру, өтінішхаттар мәлімдеуге, шағымдар жасау, іс материалдарымен танысу, оны қарау кезінде сөз сөйлеу, осы Кодексте белгіленген тәртіппен аудармашының қызметтерін тегін пайдалану құқығы түсіндіріледі және қамтамасыз етіледі (ҚР ӘҚБтК-нің 738-бабы). Әкімшілік іс жүргізудегі негізгі қатысушылар «Өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан адам» (ҚР ӘҚБтК-нің 744-бабы) және «жәбірленуші» (ҚР ӘҚБтК-нің 745-бабы) хаттамамен және істің басқа да материалдарымен танысуға, түсініктемелер беруге, хаттаманың мазмұны мен ресімделуі жөнінде ескертулер жасауға, дәлелдемелер ұсынуға, өтінішхаттар мен қарсылықтарды мәлімдеуге, қорғаушының заң көмегін пайдалануға, істі қарау кезінде ана тілінде немесе өзі білетін тілде сөйлеуге және егер іс жүргізіліп отырған тілді білмесе, аудармашы көрсеткен қызметтерді өтеусіз пайдалануға құқылы. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуге қатысушы адамдарға басқа тілде жазылған, заң бойынша оларға қажетті іс материалдарын іс жүргізу тіліне тегін аударып беру қамтамасыз етіледі.

«Сот ісін жүргізу тілі қағидатын қолданудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 13 Нормативтік қаулысында «Сот ісін жүргізу тілі қағидатын қолдану сот процесіне қатысушы адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің құқықтық кепілі болып табылады. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген судья, органдар (лауазымды адамдар) әкімшілік жауапкершілікке тартылған адамдарға сот ісін жүргізу тіліне қатысты құқықтары мен міндеттерін түсіндіріп, олардың мүдделерін қорғауды осы заңда белгіленген тәртіп бойынша қамтамасыз етуге тиіс. Заңнамаға сәйкес сот ісі жүргізіліп отырған тілді білмейтін немесе жеткілікті дәрежеде білмейтін іске қатысатын

адамдардың ана тілінде немесе өздері білетін басқа тілде мәлімдеме жасау, түсініктер мен айғақтар беру, сотта сөз сөйлеу құқықтары қамтамасыз етіледі және қорғалады. Сот ісі жүргізіліп отырған тілді білмейтін немесе жеткілікті түрде білмейтін адамдарға сот ісі жүргізіліп отырған тілде болған әңгімелерді жете түсінбейтін немесе жеткілікті дәрежеде түсінбейтін, өздерінің ойлары мен пікірлерін сол тілде еркін білдіре алмайтын, сондай-ақ әңгімелесу, мәтіндерді оқу кезінде, сұрақтарға жауап бергенде, ауызша және (немесе) жазбаша тілде басқа да қиындықтарға тап болатын адамдар жататындығын назарда ұстаған жөн» [4, б.6]- деп көрсетілген.

Бірақ, заңда нақты бекітілмегендіктен аудармашылар істердің алғашқы кезеңдерінде іске тартылмайды. Ұйымдастырушылық тұрғыдан аудармашылардың жеткілікті деңгейде болмауы салдарынан, оларды іске толықтай тартуға мүмкіншіліктер болмай отыр. Сонымен қатар, аудармашыларды әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерге мемлекеттік тарапынан тарту кезінде олардың еңбегіне бюджеттен бөлінетін қаражаттың көлемі аз болғандықтан, іске қатысуға мүдделі емес. Қазақстан Республикасының кейбір аудандарында тиісті тілді білетін адамдар жоқ.

Екіншіден, қазіргі таңда сот тәжірибесіндегі мәселелердің бірі - әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша әкімшілік істі жүргізуге қатысушы тұлғалардың қорғану құқығына қатысты. Қолданыстағы Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес, әкімшілік іске қатысушылар өздерінің құқықтарын жеке, қорғаушы және заңды өкілдердің көмегімен жүзеге асыра алады [2, б.125]. Мысалы, Қазақстан Республикасы ӘҚБтК-нің 744-бабына сай, кәмелетке толмағандар немесе өзінің дене бітімі немесе психикалық жағдайы бойынша өз құқықтарын өз бетінше жүзеге асыру мүмкіндігінен айырылғандар немесе өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан жеке тұлғаның немесе жәбірленушінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды олардың заңды өкілдері мен қорғаушының заң көмегін жүзеге асырады. Қорғаушы дегеніміз әкімшілік жауаптылыққа тартылатын тұлғаның құқықтары мен мүдделерін заңда белгіленген тәртіппен қорғауды жүзеге асыратын және оған заң көмегін көрсететін адам. Қорғаушылар ретінде адвокаттар қатысады.

«Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 желтоқсандағы N 195 Заңының 7-бабына сәйкес, «Адвокат - жоғары заң білімі бар, адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия алған, міндетті түрде адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын және осы Заңмен регламенттелетін адвокаттық қызмет шеңберінде кәсіптік негізде заң көмегін көрсететін Қазақстан Республикасының азаматы» [5, б.3]. Егер заңнамада айқындалатын тәртіппен өзара негізде Қазақстан Республикасының тиісті мемлекетпен жасаған халықаралық шартында көзделсе, шетелдік адвокаттар іске қорғаушылар ретінде қатысуға жіберіледі. Қорғаушыны әкімшілік жауаптылыққа тартылатын адамның өзі, оның заңды өкілдері, сондай-ақ оның тапсыруымен басқа да адамдар шақырмаса, судья, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген орган (лауазымды адам) іс жүргізудің тиісті сатысында қорғаушының қатысуын қамтамасыз етуге міндетті, олар бұл туралы қаулы шығарады. Қаулы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың адвокаттар алқасына немесе оның құрылымдық бөлімшелеріне орындау үшін жіберіледі және оны алған кезден бастап жиырма төрт сағаттан аспайтын мерзімде орындалуға жатады.

Қорғаушы әкімшілік жауаптылыққа тартылатын адамды әкімшілік ұстап алған, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалған немесе прокурор әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы қаулы шығарған кезден бастап, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізудің кез келген сатысында іске қатысуға жіберіледі (ҚР ӘҚБтК-нің 748-бабы).

Бірақ, сот тәжірибесі көрсеткендей көп жағдайларда адвокаттар әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша жүргізілген істерге қатыстырылмайды немесе адвокаттарды -

әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерге мемлекеттік тараптан тарту кезінде олар қорғауды тиісті деңгейде атқармайды. Себебі, мемлекеттік бюджеттен адвокаттардың еңбегіне бөлінетін қаражаттың көлемі өте аз, сондықтан, кейбір адвокаттар іске мүдделі емес[6, б.17]. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының кейбір алыс аудандарында адвокаттар жоқ. Сондықтан, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау барысында іске қатысушыларға кәсіби заң қызметін көрсетуге мүмкіншілік болмай отыр. Мысалы, Түркістан облысы және Ақтөбе облысы бойынша мамандандырылған әкімшілік жөнінде соттарда қаралған әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша 100 істің 60 % бойынша іске адвокаттар тартылмаған.

Жоғарыда көрсетілгендей мәселелерден шығу үшін келесідей ұсыныстар жасалынуы керек деп есептейміз:

1. Қазақстан Республикасы ӘҚБтК-тің 758-бабына, аудармашы іске әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған сәттен бастап жіберілуі тиіс деп толықтыру енгізу керек

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша мемлекеттік бюджеттен төленетін қаржыны арттыру керек.

3. Қазіргі кезде орын алып отырғандай, қаражатты барлық құқық қорғау органдарына бөлмей, бір мемлекеттік ведомствоға – Әділет министрлігіне мемлекеттік бюджет есебінен төленетін құқықтық көмектің қаржыландырылуын басқаруға уәкілеттік берген жөн сияқты көрінеді.

4. Мемлекет есебінен төленетін құқықтық көмек көрсету саласындағы басқару ісін үйлестіру мен бақылауды мемлекеттің, адвокатура мен азаматтық қоғамның өкілдерінен тұратын құрылымдар арқылы жүзеге асыру.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы 2010-2020 жылдарға арналған құқықтық саясат Тұжырымдамасы.
2. Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі.
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы.
4. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Сот ісін жүргізу тілі қағидатын қолданудың кейбір мәселелері туралы» 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 13 Нормативтік қаулысы.
5. «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 желтоқсандағы N 195 Заңының 7-бабы.
6. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия «2017 жылы Қазақстан Республикасындағы адам құқықтарының ахуалы туралы» баяндама. Жалпы редакциясын басқарған Қуаныш Сұлтанов, Тастемір Әбішев. Астана, 2018 ж. - 173 б.

Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Момышулы атындағы оқу орталығы полиция подполковнигі

Учебный центр МВД Республики Казахстан имени Б. Момышулы подполковник полиции

Training center of the ministry of internal affairs of the republic of Kazakhstan named after B. Momyshuly police lieutenant colonel

Қазіргі таңдағы әкімшілік іс жүргізу құқықтық қатынастарының әкімшілік әділеттік саласындағы стратегиялық дамуының концептуалдық құқықтық мәселелері

Аталған мақалада Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сай оны дамытуға қатысты сот тәжірибесіне саралау жасалынады. Зерттеу нәтижесінде, автор арқылы қолданыстағы нормаларды жетілдіруге қатысты ұсыныстар келтіріледі.

Түйін сөздер: әкімшілік құқық бұзушылықтар, әкімшілік қамаққа алу, құқық бұзушылықтың диспозициясы, санкция, әкімшілік жаза, әкімшілік норма.

Концептуальные правовые проблемы стратегического развития административных процессуальных правоотношений в сфере административной юстиции в настоящее время

В данной статье в соответствии с законодательством Республики Казахстан об административных правонарушениях проводится дифференциация судебной практики по его развитию. В результате исследования через автора приводятся рекомендации по совершенствованию действующих норм.

Ключевые слова: административные правонарушения, административный арест, диспозиция правонарушения, санкция, административные взыскания, административная норма.

Conceptual legal problems of strategic development of administrative procedural legal relations in the field of administrative justice at the present time

In this article, in accordance with the legislation of the Republic of Kazakhstan on administrative offenses, the differentiation of judicial practice is carried out according to its development. As a result of the research, the author provides recommendations for improving the current standards.

Keywords: administrative offenses, administrative arrest, disposition of the offense, sanction, administrative penalties, administrative norm.

Әкімшілік процессуалдық құқық пен әкімшілік әділеттік контекстіндегі әкімшілік-құқықтық қатынастардың қалыптасу процесстері мен дамуының тарихын зерттеу мәселесі, оның құрылымы мен құрамдас бөліктерін қоса, өзінің ұзақ та көне даму тарихы бар қазіргі заманғы әкімшілік-құқықтық ғылымының маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Айтылған ойдағы көзқарас бойынша мынаны анықтауға болады, яғни, тарихи әдістерді тану көзқарасы бойынша іске асырылған мәселенің талдануы, үнемі шынайы қызығушылық танытады.

«Тарихи салыстыру негізінде, яғни айырмашылықты анықтау және заттардың ұқсастығы құқықтық құбылыстардың мәні мен мағынасын, әкімшілік-құқықтық қатынастардың осы не басқа да кезеңіне тән дамуын, ғалымдардың көзқарастары мен болжамдарын талдап қорытуды, сондай-ақ жүргізілген зерттеулер қорытындылары негізінде, олардың ары қарайғы дамуын қиындатуға әкеліп соғатын және мемлекеттің күнделікті өміріндегі объективті шындықты іске асыруды, объективті түрде молырақ түсіндіруге болады. Ғылыми, сонымен қатар гуманистік тарихият адамның практикалық қызметінен және «тарихилық» пен «адамдықтың» органикалық байланысына деген бағытынан ажырамайды» [1, б.72].

Шындығында, мамандандырылған әкімшілік сот істері, маманданған әкімшілік сот және әкімшілік әділеттің арнайы жүйелерін құру туралы идеяларды И.Т. Тарасов негізінен әйгілі неміс полицейшілері Лоренц Штайн және Рудольф Гнейсттің әкімшілік-құқықтық концепциясы жүйесінен алған, олардың ілімі бойынша мемлекеттік ұйымдардағы қызметтік тұлғалардың әрекетіне шағым жасау, мемлекеттік ұйымдар арасындағы даулар, сонымен қатар мемлекеттік ұйымдар мен азаматтар арасындағы дауларды қарауға жататын сөзсіз мамандандырылған соттардаіске асырылуы қажет. Бұл көзқарастарды сын көзімен бағалай және оларды патшалы Ресейдегі сот істері құрылымының ерекшеліктерімен салыстыра келе И.Т. Тарасов, «неміс заңгерлері жеке және ашық құқықтар арасындағы айырмашылықтарға сүйене отырып, әкімшілік әділеттің ұйымы ретінде ерекше арнайы әкімшілік соттарды құру қажеттілігін білдіреді» [2, б.15].

Сонымен қатар, И.Т.Тарасов пруссиялық әкімшілік әділет жүйесінің кемшіліктерін негіздей отырып, орыстар үшін қолдануға келмейтін немістің құқықтық ментальдігіне байланысты біршама сақтық жасап, мынадай жағдайды атап көрсетеді, яғни, «уездік әкімшілік сотта ландартқа - уездегі жоғарғы активті әкімшілік және бюрократтық бастаудың өкіліне, төрағалықты тапсырудың ешқандай негізі жоқ» дейді. Ал бұл, мамандандырылған әкімшілік соттар биліктің бөліну теориясы идеясына негізделген И.Т. Тарасовтың көзқарасы бойынша, тәуелсіздік пен өзін-өзі билеушілікпен сипатталатын соттық биліктің бір элементі екендігін дәлелдейді. Патшалы Ресейдегі қалыптасқан әкімшілік әділет іс-әрекеттеріндегі теория, практика және тәжірибені талдай және сын көзбен бағалай келе И.Т. Тарасов ол туралы былай жазады, яғни, «бірінші инстанцияның соттары тек қолданыстағы әкімшілік соттың бейнесін көрсетеді, олардың шынайы өкілеттілігі жоқ, оған қоса және әкімшілік процессуалдық заңнамасы да жоқ» деп жазады [2, б.38].

Азаматтар мен ұйымдардың құқығы мен еркіндігін толыққанды қорғау идеясымен айналысқан Н.М. Коркунов-мамандандырылған әкімшілік-құқықтық институтының қызметтік тұлғасының заңсыз шешімін жоюға және әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіруге бағытталған әкімшілік талапқа ерекше мағына береді. Мұнда атап көрсететін мәселе, Н.М. Коркуновтың әкімшілік талап түсінігіне қосқан құқықтық мазмұны осы күні де актуальды мәселе болып келетіндігі.

«Қазіргі кездегі әкімшілік талап түсінігі - ол бекітілген үлгідегі мамандандырылған әкімшілік соттарға физикалық тұлғаның құқығын қорғау туралы немесе заңды тұлғаның мемлекеттік билік ұйымының, жергілікті өзін-өзі басқаруға, қызметтік тұлғаға әкімшілік құқықтық қатынастар аймағы бойынша мемлекеттік қызметкерлерге, бұзған не бұзылған болып саналатын заңды құқығы туралы жазбаша ұсынысы, сонымен қатар, өкілетті мемлекеттік ұйымның мамандандырылған әкімшілік сотына заңды тұлғаның, жеке кәсіпкердің қызметін тоқтату және доғару туралы жазбаша ұсынысы» [3, б.28].

«Н.М. Коркуновтың құқықтық көзқарасының ерекшелігі, әкімшілік құзіретті ұйым ретінде, ол тек әкімшілік соттарды ғана мойындайды, «көпшіліктің құқығының тәуелсіз соттары» «басқарудың заңды және соттық бақылаудың толыққанды болуы үшін» қажет деп қорытындылайды» [4, б.112].

«Әкімшілік-процессуалдық қатынастардың дамуының осы дәуірін сипаттай келе мынаны атап көрсетуге болады, яғни, әкімшілік-құқықтық көзқарастардың анағұрлым көбірек тараған жүйесінде, көбіне жалпы соттардағы әкімшілік мамандандырылуды бөлуді жақтаушы, орыс ғалым-құқықтанушыларының әкімшілік-құқықтық көзқарастары, Н.М. Коркуновтың көзқарастарына жақын болды. Мысалы, осы дәуірдің белгілі ғалымдарының бірі, ал кейіннен әкімшілік-құқықтық көзқарастардың дамуының кеңес дәуірінің де өкілі - М.Д.Загряцков, ол осы идеяны нақтылай келе, «ішкі басқару аймағында біздің отанымызда қандай да бір нақты кепілдік туралы, жалпы соттар құрамына соттық-әкімшілік мекемелерді енгізгенде ғана айтуға болады» деп атап көрсетті» [5, б.63].

Н.М. Коркуновтың көзқарасына қосыла келе М.Д. Загряцков әкімшілік күзіретті қоғамдағы басқарушы құқықты қамтамасыз ететін бірден бір институт деп санайды, себебі ол институттың негізгі міндеті - әкімшілік ұйымның құқыққа қарсы актілерін жою не дұрыстау болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, Көне Рим дәуірінен бастап ашық құқық нормалары азаматқа мемлекеттік ұйымдардан қызметтік тұлғалардың озбырлығына байланысты көмек талап етуге мүмкіншілік берген болатын, ол үшін арнайы халықтық трибуна (мінбе) институттары құрылған, олардың қызметі процессуалдық нормалардың белгілі бір ережелері арқылы іске асатын. Орта ғасырларда да әкімшілік әділет элементтері болмай қалмаған. XIII ғасырдың ортасында-ақ Англияда бірте бірте бітістіруші соттардың институты қалыптаса бастады. Бітістіруші соттардың қызметін атқаруды үкімет ірі жер иеленушілерге жүктеді, сөйтіп басқару қызметі мен әкімшілік әділет қызметін өз ішінде біріктірді. Ағылшындық бітістіруші соттар тұрғындардың салық, полицейлік ұйымдармен дауларын талдады.

Қазақстан Республикасында мамандандырылған әкімшілік соттар құрылған. Олардың негізіне немістің әкімшілік әділсотының біршама элементтері алынған, бірақ, сонымен бірге атап айтарлықтай ерекшеліктері де бар. Мысалы, Германияда барлық әкімшілік даулар, онда, бір жағынан субъект болып мемлекеттік ұйым өкілеттігі атынан мемлекет шықса, қызметтік тұлға атынан шенеунік шығады да, ол тек әкімшілік сотта ғана қаралады, ал бізде, әкімшілік айып салу және жазалауды қарайтын өкілетті ұйымының шеңбері өте кең.

Әлемдік тәжірибе дәлелдегендей, әкімшілік соттар әкімшілік жазалау бермейді, ол көпшілік әкімшілік пен тұлға арасындағы дауларды шешеді, себебі әкімшілік әділет, тұлғаға қатысты жазалау институты емес, құқыққорғаушы болып табылады. Әкімшілік істер бойынша, барлық дамыған алдыңғы қатарлы қоғамдағы әлемдік тәжірибеде мемлекеттік ұйымның немесе қызметтік тұлғаның презумпциялық (кінәлілік-кінәсіздік) принципі әрекет етеді, ал бұл осы сөзсіз және міндетті жағдайда, оның әрекетінің заң жағынан ешқандай мінсіз екендігін және ол, көпшілік билік субъектісі, барлық пайдаланудағы және қолданыстағы құқықтық нормативтерге сәйкес орындалғандығын сотқа жеке өзі дәлелдеуі қажет. Қазақстан Республикасында құрылған арнайы мамандандырылған әкімшілік соттарға бағынышты мекемелер өзгерулері тиіс - әкімшілік құқықбұзушылық туралы істерді қараудың орнына, мұндай соттар басқару аймағындағы әкімшілік-құқықтардан туындайтын дауларды қараулары тиіс.

Барлық жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, атап өтуіміз қажет, әкімшілік іс жүргізетін құқықтық қарым-қатынастар институтының тұтастай кешенді түрде зерттеу заңдылықтары, оның айтарлықтай түрде шынайы өмір сүру жағдайында кеңею беталысын ашуға мүмкіндік жасайды, ол, Қазақстан Республикасындағы азамат мен адамның құқығы мен еркіндігін қорғаудың түрлерін әкімшілік-құқықтық аймақтағы ұйымдастыру-басқару қатынастарының қазіргі заманғы талаптарымен шарттасқан.

Әдебиеттер:

1. Жетписбаев Б.А. Теоретические проблемы административно-правового принуждения в Республике Казахстан. Монография. - Алматы: Дәнекер, 2001. - 410 б.
2. Қазақстан Республикасының Әкімшілік іс жүргізу кодексі. Жоба. - Алматы, 2009. - 141 б.
3. Нугманова Э.А. Теоретические и практические проблемы совершенствования административно-юрисдикционной деятельности в Республике Казахстан //Дисс. 3.ғ.д. - Алматы, 2010. - 332 б.
4. Иоффе О.С. Избранные труды по гражданскому праву: Из истории цивилистической мысли. Гражданские правоотношения. Критика теории «хозяйственного права».- М.:«Статут», 2000.
5. Хангельдыев Б.Б. О систематизации советского административного законодательства // Ғылыми еңбектер жинағы. 2 Басылым. - Свердловск, 1964. - Б.84-85.

Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Момышулы атындағы оқу орталығы полиция подполковнигі

Учебный центр МВД Республики Казахстан имени Б. Момышулы подполковник полиции

Training center of the ministry of internal affairs of the republic of Kazakhstan named after B. Momysuly police lieutenant colonel

Әкімшілік құқық бұзушылық бойынша әкімшілік іс жүргізу барысында аудармашының іске қатысуы

Аталған ғылыми мақалада аудармашының әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша әкімшілік істі жүргізу барысында іске қатысуына қатысты өзекті мәселелер қаралады. Аталған институтты жетілдіру мақсатында автор арқылы заңға өзгерістер мен толықтырулар ұсынылады.

Кілт сөздер: әкімшілік құқық, аудармашы, әкімшілік іс жүргізу, құқықтық тұжырымдама, нормативтік актілер, қылмыстық теріс қылық.

Административное производство по делам об административных правонарушениях участие переводчика в процессе

В данной статье рассматриваются актуальные вопросы, связанные с участием переводчика при осуществлении административных дел об административных правонарушениях. Для улучшения данного института автор предлагает поправки и дополнения к закону.

Ключевые слова: административное право, переводчик, административный процесс, правовая концепция, нормативные акты, уголовный проступок.

Administrative proceedings on an administrative offense participation of an interpreter in the case during

This article discusses topical issues related to the participation of an interpreter in administrative cases on administrative offenses. To improve this institution, the author proposes amendments and additions to the law

Keywords: administrative law, translator, administrative process, legal conception, normative acts, criminal misconduct.

Қазақстан Республикасының «2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы», елдің 2020 жылға дейінгі құқықтық жүйесінің дамуының негізгі бағыттарын айқындады. Осының негізінде мемлекеттік және қоғамдық институттардың қарыштап дамуына ықпал жасайтын, Қазақстанның орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ететін барлық нормативтік құқықтық актілерді қазіргі заман талабына сәйкестендіру қажет. Заңнамаларды ізгілендіру, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын кепілдендіру мемлекеттің дамуына алып келеді[1, б.3].

Аталған тұжырымдамаға сәйкес, 2014 жылы шілденің 3-5 аралығында «Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексі» және «Қылмыстық процесстік кодексі», «Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі», «Қылмыстық атқару кодексі» қабылданды.

Осы нормативтік-құқықтық актілердің бірі - Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі [2, б.5]. Оның мемлекеттің қауіпсіздігі мен дамуында алар орны ерекше. Себебі қылмыстық құқық бұзушылықтардан бөлек, әкімшілік құқық бұзушылықтардың да қоғамға тигізер қауіптілігі жоғары болып табылады. Жаңа кодекстің қабылдануымен бірге нормаларда көптеген өзгерістер болды. Көптеген әкімшілік құқық бұзушылықтар қылмыстық құқық бұзушылықтардың санаты ретінде қылмыстық кодекске «қылмыстық теріс қылық» ретінде ауыстырылды. Әкімшілік құқық бұзушылықтарда бойынша жазалардың көлемі ізгілендірілді.

Бірақ, қазіргі таңда қолданыстағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманың

артықшылығынан бөлек, шешімін таппаған мәселелер орын алып отыр. Оны нормаларды қолдану барысында сот тәжірибесінен байқауға болады.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 7-бабына сәйкес, мемлекеттік тіл қазақ тілі болып табылады. Бірақ мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қазақ тілімен қатар, орыс тілі де қолданылады. Сонымен бірге әрбір тұлға өзінің ана тілінде сөйлеуге құқығы бар (19-бап) [3, б.3].

Ал, Қазақстан Республикасында әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал қажет болған кезде іс жүргізуде орыс тілі немесе басқа тілдер пайдаланылады.

Іс бойынша іс жүргізіліп жатқан тілді білмейтін немесе жеткілікті білмейтін іске қатысушы адамдарға ана тілінде немесе олар білетін басқа тілде мәлімдемелер жасау, түсініктемелер мен айғақтар беру, өтінішхаттар мәлімдеуге, шағымдар жасау, іс материалдарымен танысу, оны қарау кезінде сөз сөйлеу, осы Кодексте белгіленген тәртіппен аудармашының қызметтерін тегін пайдалану құқығы түсіндіріледі және қамтамасыз етіледі (ҚР ӘҚБтК-нің 738-бабы).

Мысалы, әкімшілік іс жүргізудегі негізгі қатысушылар «Өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан адам» (ҚР ӘҚБтК-нің 744-бабы) және «жәбірленуші» (ҚР ӘҚБтК-нің 745-бабы) хаттамамен және істің басқа да материалдарымен танысуға, түсініктемелер беруге, хаттаманың мазмұны мен ресімделуі жөнінде ескертулер жасауға, дәлелдемелер ұсынуға, өтінішхаттар мен қарсылықтарды мәлімдеуге, қорғаушының заң көмегін пайдалануға, істі қарау кезінде ана тілінде немесе өзі білетін тілде сөйлеуге және егер іс жүргізіліп отырған тілді білмесе, аудармашы көрсеткен қызметтерді өтеусіз пайдалануға құқылы [2, б.35].

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуге қатысушы адамдарға басқа тілде жазылған, заң бойынша оларға қажетті іс материалдарын іс жүргізу тіліне тегін аударып беру қамтамасыз етіледі.

Құқық бұзушы мен жәбірленушіге тапсырылуға жататын процестік құжаттар олардың ана тіліне немесе олар білетін тілге аударылуға тиіс. Аударма бойынша шығыстар және аудармашының көрсеткен қызметтері мемлекеттік бюджет есебінен төленеді.

Слово Zoom активно используется в контекстах фотографии и видеосъёмки.

Не менее важным этот термин является и в цифровой картографии, где для каждой карты в данный момент задаётся определённый масштаб - он же Zoom.

Если речь идёт о цифровых гаджетах, то величина оптического зума камеры - очень важный параметр, влияющий на качество съёмки. Оптический зум следует отличать от зума электронного, когда эффект приближения создается не оптикой, а увеличением пикселей [5].

Программа хорошо подходит для индивидуальных и групповых занятий, которая дает возможность обучающимся заходить с компьютера, планшета и телефона. Одновременно, представитель факультета профессиональной подготовки или любой, имеющий ссылку, идентификатор конференции может подключиться к видеоконференции.

Zoom содержит много опций для совместной работы: HD видеоконференция на 100 участников, 40 минут локальной записи одного мероприятия в формате MP4, чат, демонстрация экрана, белая доска, виртуальный фон – хромокей и многое другое [6].

Перед тем как, начать работать на платформе Zoom, с профессорско-преподавательским и переменным составом был проведен инструктаж.

Следует также отметить, что преподаватели Института активно применяют оптимальные и разнообразные виды работ (видеоуроки, самостоятельная работа, онлайн-курсы, чат-занятия, веб-занятия, телеконференция и др.), доступные информационно-коммуникационные технологии (электронный журнал, скайп, телеуроки, modul, Zoom, электронная почта, WhatsApp чаты, телеграмм и другие).

Вначале возникали определенные трудности, которые были связаны в основном с периодическим отключением программы, недостаточной слышимости, не четкого изображения. Данные проблемы, в основном были связаны с техническими вопросами и недостаточными навыками работы пользователей платформы Zoom. Такие трудности продолжались недолго.

Преподаватели, курсанты и слушатели быстро освоили навыки работы в дистанционном формате и адаптировались к новой системе. Конечно же, курсантам и слушателям было гораздо проще, так как они лучше ориентируются в пространстве новых технологий. Хотя на эту тему можно подискутировать, потому что здесь ответы могут быть неоднозначными.

Неоспорим тот факт, что система Zoom для онлайн-обучения, позволяет проводить дискуссии в реальном времени, общаться по заданным вопросам. Есть возможность, использовать интерактивную доску для презентации учебного материала. Удобна она и тем, что в ней имеется чат, в котором участники могут писать сообщения, передавать необходимые файлы. Преподаватель без особого труда, одновременно во время проведения занятия имеет возможность отслеживать всех участников конференции. Все занятия архивируются.

Обучающиеся находятся на ежедневной связи с педагогами, знакомятся с расписанием, темами, содержанием занятий через доступные средства связи. Ежедневно заходят в связи для получения учебного материала для самостоятельного изучения; самостоятельно выполняют задания, в том числе через доступные средства связи, которые установлены в Институте; представляют выполненные задания в соответствии с требованиями педагогов, отправив сканирование (или фото) выполненных заданий педагогу через доступные средства связи (электронная почта, WhatsApp чаты и др.). При этом соблюдают правила академической честности и принципы самоконтроля при выполнении учебных заданий.

Если на первых занятиях наблюдалось некая нервозность и растерянность как со стороны преподавателей, так курсантов и слушателей, то постепенно данный формат обучения стал обычной средой, где все участники довольно-таки свободно себя чувствуют и активно сотрудничают друг с другом.

Вместе с тем, дистанционный формат обучения позволяет форсировать условия учебного процесса, понимая при этом, что данный вопрос неоднозначный и при возврате к прежней системе обучения потребуются пересмотр и вынесение на общественное обсуждение, так как для более эффективного управления образовательным процессом в онлайн-режиме, преподавателю необходимо овладеть дополнительными познаниями

программного обеспечения, перебороть в себе страхи и убеждения в несовершенстве самой системы Zoom. В свою очередь, обучающимся, необходимо выработать жесткую-дисциплинированность по соблюдению самостоятельной подготовки и сроков выполнения заданий.

Кроме того, обучающиеся самостоятельно должны изучать учебный материал, указанный в онлайн-расписании; освоить минимально необходимую программу по государственному стандарту; успешно проходить промежуточные и итоговые аттестации.

Литература:

1. http://base.spinform.ru/show_doc.fwx?rgn=123342
2. Распоряжение Премьер-Министра Республики Казахстан от 29 января 2020 года № 14-р «О мерах по недопущению возникновения и распространения коронавирусной инфекции на территории Республики Казахстан».
3. Постановление Правительства Республики Казахстан от 12 марта 2020 года №19 «Об усилении мер по недопущению распространения коронавирусной инфекции в Республике Казахстан».
4. Приказ министра образования и науки от 01.04.2020 года № 123 «Об усилении мер по недопущению распространения коронавирусной инфекции COVID-19 в организациях образования, на период пандемии».
5. <https://что-это-такое.ru/zoom>

A.C. МАХМУТОВ / A.S. MAKHMUTOV

Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе Заң институты ІІО Әкімшілік қызметі кафедрасының профессоры, полиция подполковнигі

Актюбинский юридический институт МВД Республики Казахстан им. М. Букенбаева преподаватель кафедры административная служба ОВД, капитан полиции

Aktobe law institute named after M. Bukenbayev of the ministry of internal affairs of the republic of Kazakhstan teacher of the department Administrative service of the department of internal affairs police captain

A.A. ТОКМУРЗИН / A.A. TOKMURZIN

Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе Заң институты ІІО Әкімшілік қызметі кафедрасының оқытушысы полиция капитаны

Актюбинский юридический институт МВД Республики Казахстан им. М. Букенбаева преподаватель кафедры административная служба ОВД, капитан полиции

Aktobe law institute named after M. Bukenbayev of the ministry of internal affairs of the republic of Kazakhstan teacher of the department Administrative service of the department of internal affairs police captain

«Полицияның әкімшілік қадағалау жүргізу қызметінің құқықтық маңыздылығы»

Әкімшілік полицияның ерекшеліктері туралы хабардар болуды арттыру мақсатында учаскелік инспектор әкімшілік учаскені тұрақты зерделеуіне мән береді. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жергілікті полиция қызметінің учаскелік полиция инспекторларының профилактикалық есебін жүргізуінің құқықтық негіздеріне тоқталған.

Түйінді сөздер: учаскелік полиция инспекторы, құқық бұзушы, қорғау нұсқамасы, профилактикалық бақылау, профилактикалық жұмыс.

«Правовая значимость деятельности полиции по проведению административного надзора»

В целях повышения осведомленности об особенностях административной полиции участковый инспектор уделяет внимание регулярному изучению административного участка. Также были затронуты правовые основы ведения профилактического учета участковыми инспекторами полиции Местной полицейской службы органов внутренних дел Республики Казахстан.

Ключевые слова: участковый инспектор полиции, правонарушитель, защитный инструктаж, профилактический контроль, профилактическая работа.

«Legal significance of the activities of administrative supervision of the police»

In order to raise awareness of the specifics of the administrative police, the District Inspector pays great attention to the constant study of the administrative area. They also touched upon the legal basis for maintaining preventive records of local police inspectors of the local police service of internal affairs bodies of the Republic of Kazakhstan.

Keywords: district police inspector, offender, protective order, preventive control, preventive work.

Қазақстан Республикасының ІІМ әкімшілік полиция қызметінің облыстық, аудандық, қалалық басқармалары мен бөлімдерінде және бөлімшелерінде қызмет атқаратын учаскелік полиция инспекторлары заңдылықпен тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында әкімшілік қадағалауға алынған тұлғаларға өз қызметі шеңберінде бақылау жүргізе отырып, ұйымдық құрылымы жағынан азаматтардың жалпыға бірдей міндеттелген нормаларымен ережелерін, талаптарын орындауына қатысты немесе олардың қандай болмасын құқық

бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу, кінәлілерді әкімшілік жауаптылыққа - уақытылы тарту мақсатында жүргізілетін арнайы уәкілеттенген лауазымды тұлға ретінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан республикасы ПМ № 1095 бұйрығын, Қазақстан республикасының Қылмыстық кодексін, Қазақстан Республикасының Қылмыстық атқару кодексін, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексін, Қазақстан Республикасының «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының ПМ 11 ақпан 2005 жылғы «Әкімшілік қадағалауда тұрған адамдарды есепке алу ережесін бекіту туралы» №97 бұйрығын және басқа да Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін басшылыққа алу арқылы қызметін жүзеге асырады.

Әкімшілік қадағалауда тұрған тұлғаны есепке алу Қазақстан Республикасының ПМ 11 ақпан 2005 жылғы «Әкімшілік қадағалауда тұрған адамдарды есепке алу ережесін бекіту туралы» № 97 бұйрығы бойынша жүзеге асырылады. Әкімшілік қадағалаудың жалпылық сипаттамасы бар, өйткені оны ішкі істер органдарының әкімшілік полиция қызметтері жүзеге асырады, оның ішінде қадағалауды учаскелік инспекторларының қызметінде орын алады. [1]. Атап өтетін өзекті мәселе бас бостандығынан айыру мекемелерінен мерзімінен бұрын босатылған тұлғаларға әкімшілік қадағалау орнатуға болмайды. Себебі Ішкі істер органы бас бостандығынан айыру мекемелерінен мерзімінен бұрын босатылған тұлғаға әкімшілік қадағалау орнату туралы ұсынысты, жазасының өтелмеген мерзімі өтіп кеткеннен кейін және бас бостандығынан айыру мекемесінен босатылған кезден бастап үш жыл мерзім өткен соң ол адам әрдайым қоғамдық тәртіпті бірнеше рет бұзған болса ғана тиісті органға әкімшілік қадағалау орнату үшін жібере алады [2].

Соттар өз қызметтерінде әкімшілік қадағалау ережелерін бұзу туралы әкімшілік істерді қарау кезінде қадағаланушының тек ғана ҚР ӘҚБтК-нің 480 бабында көрсетілген құқық бұзушылық туралы әрекетін қарап қоймай, сонымен қатар әкімшілік қадағалауды орнату және оны ұзартудың заңдылығында ескеру қажет [3].

Сот әкімшілік қадағаланушыға шектеу орнату кезінде қадағаланушыға мекен-жайын тек түнгі уақытта тастап кетуіне, яғни сағат түнгі 22-00ден таңғы 06-00 дейін шектеу қоя алады. Егерде әкімшілік қадағалау орнатылған тұлға тұрғылықты мекен жайын ауыстырса немесе шектеу қойылған уақыттан кейін жұмыс барысында немесе отбасылық жағдайы бойынша шығатын болса, ішкі істер органдарын міндетті түрде жазбаша рұқсатымен ескертуі міндеттеледі. Қаулыны орындайтын орган азаматтар құқықтарына шектеу қоюға (еңбек, сайлау, қоғамдық т.б.) сонымен қатар сот орнатқан шектеулердің шегінен шықпауы қажет [4].

Соттың күшіне енген қаулысын немесе соттың орнатқан шектеулерінің ережесін бұзған жағдайда әкімшілік қадағалауда тұрған тұлғаға қатысты Қазақстан Республикасының ӘҚБтК-нің 480 бабы бойынша оған учаскелік инспектор тиісті құжаттар жинақтап яғни жасаған құқық бұзушылықтардың толтырылғын құжат көшірмелерін сот қаулыларынт сот органына оны жауапқа тарту үшін жолдайды. Учаскелік инспектор өзінің қызметтік міндетіне сәйкес әкімшілік қадағалау ережесін бұзған тұлғаға қатысты құжаттарды сот органдарына жолдаған кезде, судья кейбір жағдайларда әкімшілік құжатпен танысып оқып шығып, құжатты жетіспеушілік дәлелдемелер болмауына байланысты құжатты кейін қарай қайтаруы мүмкін.

Сондықтан да учаскелік инспекторлары өз жұмысында сот органы қызметкерлерімен тығыз қызметтік қарым-қатынаста болғаны дұрыс және сонымен қатар сотқа жолданған әкімшілік құжаттың жан жақты дұрыс жинақталғанына көзі жетуі керек. Ал соттар бас бостандығынан айыру орнынан босатылып келгеннен кейін, үш жыл мерзім өткеннен соң ғана сотталып келген тұлғаға әкімшілік қадағалау орната алады. Оның ішінде егер бұрын сотталған тұлға бірнеше рет қоғамдық тәртіпті бұзып, қандай болмасын әкімшілік құқық

бұзушылықтар жасап, ішкі істер органы мен учаскелік полиция инспекторының назарына жаман қоғамға жат қылықтарымен көзге түсетін болса ғана әкімшілік қадағалауға алынады. Егер бұрын сотталып, бас бостандық орнынан босатылып келген тұлғаға босатылған уақытынан бастап үш жылдың ішінде оған қатысты әкімшілік қадағалау мерзімінен бұрын немесе уақыты өтуіне байланысты қысқартылған болса, ол тұлғаны осы үш жыл мерзім ішінде Заңда көрсетілген негіздерде қайтадан әкімшілік қадағалауға алуға болады. Осы үш жыл мерзімді өткізіп алып, содан соң барып тұлғаны әкімшілік қадағалауға алу туралы ұсыныс қанағаттандыруға жатпайды. Орнатылған шектеулерге қатысы жоқ құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік қадағалауда тұрған адам Қазақстан Республикасы ӘҚБтК-нің 480 бабында көрсетілген әкімшілік жауаптарға тартылмайды.

Учаскелік полиция инспекторы әкімшілік қадағалау жүргізу кезінде туындайтын қиындықтарға қарамастан әкімшілік қадағалауда тұрған тұлғаны күнделікті мекен-жайына барып тексеріп, онымен бірге тұрып жатырған туыстарынан оның мінез-құлқы туралы мәліметтер жинақтайды, қадағаланушының мекен-жайы бойынша көршілерімен сөйлеседі және қадағаланушымен оның құқық бұзушылық немесе қылмыс жасамауы үшін профилактикалық бағытта әңгіме жүргізеді. Осы жерде учаскелік полиция инспекторы қадағаланушының мінез-құлқы туралы мәліметтер жинақтау кезінде оның бірге тұрып жатырған туыстарымен және көршілерімен кездесіп сұқбаттасқан кезде олардың беріп отырған мәліметтерінің жалған болмауы үшін өзінің қызметтік психологиялық әдіс тәсілдерін қолданған жөн. Сонымен қатар учаскелік полиция инспекторы қадағаланушымен жүздескен кезде, оған әкімшілік қадағалаудың басты мақсаты оны жазалау немесе басқалардан кемсіту емес қылмыс пен құқық бұзушылық жасаудың алдын-алу және қадағаланушыны дұрыс жолға салып, заңды сыйлайтын азамат қатарына қосу екендігін нақтылап түсіндіру қажет. Егер құқық қоғау қызметкері кез келген бұрын сотталған адамның психикасына және мінез-құлқына теріс жағынан әсер ететін заңға қайшы іс-әрекеттер жасайтын болса онда ондай адамның дұрыс жолға түсуі мүмкін болмайды. Учаскелік полиция инспекторы қадағаланушының мекен-жайы бойынша онымен бірге тұрып жатырған тұрғындармен және көршілерімен жақсы тығыз қарым-қатынаста болуы керек. Әкімшілік қадағалауда тұрған тұлға учаскелік инспектордың жүргізген профилактикалық қадағалау шараларынан еш нәтиже шығармай әрдайым қоғамдық тәртіпті өрескел бұзып, Ішкі істер органының назарына жаман қоғамға жат қылықтарымен көзге түсетін болса, осы жағдайда учаскелік полиция инспекторы өз тарапынан шұғыл әкімшілік іс-әрекет шараларын жүргізіп, оны тез арада заңды жауапкершілікке тартуы керек. Өйткені тәжірибе жүзінде атап көрсетілген жағдайлардың алдын-алмау салдарынан нәтижесінде қайғылы жағдайлар орын алып жатады [1].

Ішкі істер органдарының (полицияның) учаскелік инспекторының әкімшілік қадағалауы бірқатар факторлармен сипатталады. Ең алдымен, оған мемлекеттік биліктік сипаттаманың тән екендігін көруге болады. Қоғамдық тәртіп және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді жүзеге асыру барысында ішкі істер органдарының (полицияның) оның ішінде учаскелік полиция инспекторлары әкімшілік көндірудің әр түрлі шараларын қолданады, олар өз құзыреті шегінде орындауға міндетті талаптар мен өкімдер беруге құқылы.

Әкімшілік қадағалаудың келесі сипаттамасының белгісі оның айқын бейнеленген профилактикалық бағыттылығында. Өйткені әкімшілік қадағалау процесінде ішкі істер органдарының қызметкерлері қылмыс пен құқық бұзушылықтың болуына итермелейтін жағдайларды анықтауға мүмкіндік береді; теріс қоғамдық мінез-құлыққа бейімделген адамдардың құқық бұзушылық жасауларына әсер ету мақсатында: құқық бұзушылықтың жолын кеседі, құқық бұзушыны жауапкершілікке тартуды қамтамасыз етеді.

Әкімшілік қадағалаудың ұйымдастырушылық бағыттылығы ішкі істер аумағында бақыланатын қоғамдық қатынастарды тәртіптеуінде көрінеді: құқықтар мен заңға қайшы қол сұғушылықтардың салдарынан болған жайсыз жағдайларды орнына келтіреді.

Әкімшілік қадағалаудың кезеңділігі, оның жүзеге асырылу барысында бірнеше сатылардан өтуі: бақылау, көңіл бөлуді талап ететін фактілері (жағдайларды) табу және құжаттау, міндетті нұсқаулар мен өкімдер беру, құқық бұзушыны заңмен белгіленген жауапкершілікке тартуды қамтамасыз ету.

Әкімшілік қадағалаудың жалпылық сипаттамасы бар, өйткені оны ішкі істер органдарының әкімшілік полиция қызметтері жүзеге асырады, оның ішінде көпшілігі ішкі істер органдары полициясының учаскелік инспекторларының қызметінде орын алады.

Айтылғандарды қорыта келе, ішкі істер органдары (полиция) оның ішінде учаскелік полиция инспекторларының әкімшілік қадағалауы түсінігін тұжырымдауға болады, ол-азаматтар, лауазымды тұлғалар және шетел азаматтары немесе азаматтығы жоқ адамдардың қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті реттейтін ережелерді нақты және бұлтартпай орындаулары және осы ережелерді бұзушыларды ескерту, алдын-алу, табу және жауапкершілікке тарту мақсатындағы күнделікті бақылауы. Учаскелік полиция инспекторлары өзінің қызметінде әкімшілік қадағалауды жүзеге асыру барысында қадағаланушының мінез-құлқын бақылап, қадағалап ғана қоймай, онымен профилактикалық әңгімелер жүргізу арқылы қылмыс немесе құқық бұзушылықтың алдын ала алады. Сол себепті учаскелік инспекторлар өз тараптарынан қадағалауда тұрған тұлғаны оған орнатылған әкімшілік қадағалау арқылы дұрыс жолға түсуіне ықпал етуі тиіс. Әкімшілік қадағалауда тұрған тұлға өзінің күнделікті жүріс тұрысы және мінез-құлқының лауазымды тұлға тарапынан қатаң қадағалауда тұрғанын, егер оған орнатылған ережелер мен шектеулер бұзылатын болса оған қарсы қатаң заңды шаралар қолданылатынын үнемі есінде сақтауы қажет. Ол үшін учаскелік полиция инспекторы қадағаланушыға егер ол әкімшілік қадағалау ережелерін және орнатылған шектеулерді бұзатын болса, сонымен қатар бірнеше мәрте әкімшілік құқық бұзушылықтар жасайтын болса ол, Заңда көрсетілгендей қылмыстық жауаптылыққа тартылуы мүмкін екендігін қатаң түрде ескертіп жүруі тиіс.

Учаскелік полиция инспекторларының әкімшілік қадағалауды жүргізуінің өзектілігі, жүргізілген әкімшілік қадағалау арқылы учаскелік полиция инспекторы қадағалауда тұрған тұлғаны оның мінез-құлқына әсер ету әдістерін қолданып, оған қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар жасамауы керектігін ескертіп, әкімшілік қадағалаудың арнайы Заңда көрсетілгендей шараларын жүргізу арқылы қоғамдық тәртіппен қауіпсіздікті қамтамасыз ете алады.

Учаскелік полиция инспекторының әкімшілік қадағалауды жүргізуінің ерекшелігі қадағаланушыны атқарылған іс-шаралар арқылы дұрыс жолға түсіру және қадағаланушы тарапынан құқық бұзушылық жасаудың алдын-алу, егер қадағаланушы учаскелік инспектор тарапынан жүргізген профилактикалық шаралардан ешқандай нәтиже шығармай, қоғамдық тәртіппен қоғамдық қауіпсіздікке қауіп төндіретіндей жағдайлар туғызса, осы жағдайларды болдырмау мақсатында учаскелік инспектор тарапынан алдын-алу шаралары жүргізілуі қажет. Қоғамдық тәртіппен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында әкімшілік қадағалау жүргізу қадағаланушы тарапынан жасалынуы мүмкін қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын-алу үшін өте маңызды болып саналады.

Қорытынды: Жоғарыда талқыланған тақырып бойынша мақаланы қорытындылай келе, бас бостандығынан айыру орындарынан жазасын өтеп шыққан бұрын ауыр және аса ауыр қылмыс жасап, сотталған тұлғаларға ІІО әкімшілік қадағалау орнату ол қоғам үшін маңызды деп ойлаймын. Қазіргі таңда болып жатқан қылмыстың көпшілігі бұрын сотталған тұлғалардың тарапынан болып жатыр. Сондықтанда бас бостандығынан жазасын өтеп шыққан тұлғаларға қатысты әкімшілік қадағалау орнату және олармен профилактикалық әңгіме жүргізу қылмыстың алдын алу болып саналады.

Әдебиеттер:

1. Қызылов М. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. Оқулық.- Астана: Фолиант, 2009. -504б.
2. ҚР ІІМ №97 «Әкімшілік қадағалауда тұрған адамдарды есепке алу ережесін бекіту туралы» Бұйрық. – Астана, 2005. – 80 б.
3. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі 05.07.2014 ж.
4. Методические рекомендации для участковых инспекторов полиции Актыбинской области. ТОО «Литера-А» г.Актобе , 2008. -60 стр.

Қазақстан Республикасы ІІМ М. Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты тұрмыстық зорлық зомбылықтың алдын алу бойынша мамандарды даярлау орталығының оқытушы-әдіскері, полиция майоры

Преподаватель-методист центра подготовки специалистов по профилактике бытового насилия Актюбинского юридического института МВД Республики Казахстан им. М.Букембаева, майор полиции

Teacher-methodologist of the center for training specialists in the prevention of domestic violence of the Aktobe law institute of the ministry of internal affairs of the republic of Kazakhstan named after M. Bukembayev, police major

Қашықтықтан оқыту барысында заманауи педагогикалық технологияларды қолданудың тиімділігі

Бұл тәсіл білім беру субъектілерінің өзара іс-қимылының интерактивтілігін және оқу процесінің өнімділігін қамтамасыз ететін ақпараттық және педагогикалық технологияларды біріктіруді көздейді. Бұл жағдайда ақпарат алмасу және білім алушылардың нәтижелі білім беру қызметін ұйымдастыру үшін көмекші органның рөлін атқарады.

Түйінді сөздер: қашықтықтан оқыту, on-line, off-line, білім алушылар, инновациялық әдіс, оқыту үрдістері, ақпараттық технология.

Эффективность применения современных педагогических технологий в дистанционном обучении

Данный подход предполагает интеграцию информационных и педагогических технологий, обеспечивающих интерактивность взаимодействия субъектов образования и продуктивность учебного процесса. В этом случае он играет роль вспомогательной среды для обмена информацией и организации продуктивной образовательной деятельности обучающихся.

Ключевые слова: дистанционное обучение, on-line, off-line, обучающиеся, инновационный метод, процессы обучения, информационные технологии.

Effectiveness of using modern pedagogical technologies in distance learning

This approach provides for the integration of information and pedagogical technologies that ensure the interactivity of interaction between subjects of education and the productivity of the educational process. In this case, it plays the role of an auxiliary environment for the exchange of information and the organization of productive educational activities of students.

Keywords: distance learning, on-line, off-line, students, innovative method, learning processes, information technology.

Қазіргі таңда білім алудың ілгері даму мүмкіндігінің аса маңызды тәсілдерінің бірі – заманауи телекоммуникациялық технологияларды интернет желісін қамтамасыз ететін мүмкіндіктерді қолдана отырып, қашықтықтан оқыту болып табылады. Қашықтықтан оқытудың тиімділігі оған енгізілген педагогикалық мағынамен анықталады, оның түсіндірулерінің ішінде екі түрлі көзқарасты бөліп көрсету қажет. Біріншісі, бүгінгі күні кеңінен таралған, қашықтықтан оқыту арқылы оқытушы мен білімалушы арасында ақпарат алмасуды білдіреді. Екінші тәсілде қашықтықтан оқытудың басым бағыты – қазіргі заманғы телекоммуникация құралдарының көмегімен құрылған білім алушының жеке танымдылығының қызметі. Бұл тәсіл білім беру субъектілерінің өзара іс-қимылының интерактивтілігін және оқу процесінің өнімділігін қамтамасыз ететін ақпараттық және педагогикалық технологияларды біріктіруді көздейді. Бұл жағдайда ақпарат алмасу және білім алушылардың нәтижелі білім беру қызметін ұйымдастыру үшін көмекші органның рөлін атқарады. Оқыту нақты уақытта синхронды түрде жүреді (чат, бейне байланыс, қашықтағы

білім алушылар мен оқытушы ортақ «виртуалды тақталар» және тағы басқалар), сонымен қатар асинхронды (электрондық пошта негізіндегі телеконференциялар). Оқу процесі оқытудың келесі интерактивті нысандары мен әдістерінен тұрады: дәріс, семинар, тәжірибелік жұмыс, тренинг, шағын-сабақ таныстырылымы, кейс әдісі, жобалау әдіс тәсілдері сондай-ақ вебинар, онлайн-форум, онлайн кеңес беру, және білім алушының оқытушымен бақылау жұмысы, шағын топтардағы жұмыс, оқыту ойындары, кері байланыс, күрделі және дискуссиялық сұрақтар мен мәселелерді талқылау болып саналады. Сондай-ақ, жоғарыдағы әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, білім алушыларды толық бағалауға мүмкіндік туғызуға болады.[1].

Қашықтықтан оқыту – білім алушы мен педагог қызметкерінің жанама (алыстан) немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту. Қашықтықтан оқу сабақтарын «on-line», «off-line» режимінде өткізуге негізделген. «On-line» режимінде оқу сабақтары нақты уақыт режимінде оқудың өзара іс-әрекет ету үдерісін қарастырады (бейнеконференция, интернет желісімен хабар алмасу, телефон аппараты арқылы келіссөздер) атап өтуге болады. «On-line» режиміндегі оқу сабақтары оқытушы мен білім алушы арасындағы асинхронды тілдесудің (электрондық пошта, кейіннен қорытынды бақылау тапсырумен оқытушының тапсырмасы бойынша білім алушының Силлабус оқу бағдарламасы бойынша) оқу іс-әрекеті процесін қарастырады.

Қашықтықтан оқыту технологиясын қолдана отырып, сапалы білім беру қызметінде білім алушылардың мүмкіндіктерін кеңейтуді, яғни, актуальді мәселелерді, сонымен қатар, олардың білім қажеттіліктерін тұрғылықты жеріне, әлеуметтік жағдайына, жасына, денсаулығына және өмірдің тағы басқа себептеріне қарамастан қамтамасыз етуді мақсат етеді.

Сонымен қатар, қашықтықтан оқыту барысында заманауи педагогикалық технологияларды тиімді пайдалана отырып, «интернет платформа Zoom» режиміндегі сабақтар білім алушыларға өндірістен қол үзбей өз бетімен білім алуға, дәстүрлі әдістемелер мен өзекті технологияларды біріктіруге, жұмысты өз бетінше ұйымдастыруға және жоспарлауға, білім алуға және талдауға, ақпаратты іздеуге және іріктеуге, шешімдер қабылдауға, жобаларды таныстыру дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Курс бағдарламасы біліктілікті арттырудың құзыреттілік моделіне бағытталып, заманауи білім беру технологиялары мен интерактивті оқыту формаларын пайдалану арқылы қол жеткізілген іс-әрекет тәсілдерін көздейді.

Қашықтықтан оқытудың уақыт пен кеңістікке тәуелсіз үдеріс екеніне, сандық технологиялар арқылы өз бетінше үздіксіз білім алып, сан алуан ақпаратпен алмасу мүмкіндіктерінің болуына, әлеуметтік жағдайына қарамастан еліміздің түкпір-түкпіріндегі білім, ғылым жаңалықтарымен танысып, өз бетінше игеру құқығының бар екеніне, өзіндік мақсат-міндеттері және білім алушыларға өз бетімен оқып-үйренуге негізделген–технологиялардың тиімділігін арттырудың аса қажеттілігіне тағы бір мәрте көз жеткізілді.

Сабақ өткізу барысында қашықтықтан оқыту технологиясының даму заманында ең алдымен оқытушының басты алдына қойған мақсаты мен міндеті болуы тиіс. Мен, оқытушы әдіскер ретінде оқытушылардың қашықтықтан білім беру сабақтарын тартымды, тиімді, түсінікті етіп өткізулерін жөн көремін. Өйткені, қазіргі заман талабына сай бәсекеге қабілетті жан-жақты зерделеу өткізе отырып, сабақ барысында төмендегідей ақпаратты технологияларды қолдана білуіміз керек. Атап айтсақ:

Инновациялық әдістердің ең негізгісінің бірі – «интерактивті оқыту әдісі». Бұл әдістің негізгі қағидасы – педагогикалық қарым-қатынас пен қарым-қатынас диалогі арқылы жеке тұлғаны қалыптастыра отырып дамыту негізінен тұрады.

Қашықтықтан оқыту сабақ барысында диалог түрінде білім алушылармен пікірлесу

олардың сөздік қорын, ойлау қабілеттерін сөйлеу мәдениетін арттыру. Яғни интерактивті оқыту әдісі – оқытушы мен білім алушылардың қарым-қатынасы тікелей жүзеге асыра білу.

Интерактивті оқытудың мәні бұл – барлық білім алушылар таным үрдісімен қамтылады, олар өздерінің білетін және ойлайтын нәрселері арқылы түсінуге және қарсы пікір айтуды мүмкіндік арқылы көрсетеді. Таным үрдісінде, оқу материалын игеруде, білім алушылардың біріккен әрекеттері мынаны білдіреді: әр білім алушы өзінің білім деңгейіне қарай білім, идея, әрекет ету тәсілдерімен алмасуды үздіксіз пайдаланаалады. Сондай-ақ, бұл үрдіс мейірімділік пен өзара бір-біріне қолдау көрсету мақсатында іске асырылады.

Оқытушы қашықтықтан сабақ беру барысында интерактивті әдіс-тәсілдерді қолдану кезінде төмендегідей ескертулерді жадынан есте шығармауы тиіс:

- білім алушылардың еркіндігі мен құқықтары сақталуы;
- білім алушылардың сабақ кезінде өз-өзін көрсетуге жағдай жасау;
- оқытушы өз тарапынан білім алушыларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету.

Қазіргі білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Оқытушы қашықтан сабақ өткізу барысында жаңа технологияны игере отырып, интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтылық, адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, Әрбір оқытушы-әдіскер маман күнделікті жұмыс барысында өзін-өзі дамытып, оқу үрдісін тиімді ұйымдастыруына бағыт-бағдар іздеуі керек. Себебі, жаңа технологияларды игеру арқылы оқытушы пәнінің кәсіби маманы ретінде көрсетеалады. Сондай-ақ, білім алушылардың бойынан бәсекелестікті саяси-экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылықты талап ету керек [2].

Мен, оқытушы әдіскер маман ретінде білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істейтін білім алушылардың білігі мен білімі жоғары тұлға ретінде тәрбиелеуді жөн санаймын. Өйткені, қазіргі кезде бүкіл әлемде жүргізіліп жатқан қашықтықтан оқыту үрдістері қоғамның білім беру мекемелерінде қойылатын жаңа талаптарының бірден бірі.

Қазіргі таңда институт қабырғасында заманауи педагогикалық технологияларды оқу үрдісін жетілдіру үшін инновациялық білім беру технологияларын пайдаланудың тиімділігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр.

Менің оқытушы-әдіскерлік басты алдымдағы міндет – біліктілігін арттыру курсының білім алушыларының дамуына жағдай жасап, халықпен жұмыс жасай алатын өздеріне сенімді қызметкер болуға психологиялық бағыт-бағдар беру. Өйткені, қазіргі кезде қашықтықтан оқыту технологиясы жаңа мазмұн мен жаңа әдістер жүйесіне ауадай қажет.

Қазіргі таңда ҚР ПМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтында қашықтықтан оқыту барысында заманауи педагогикалық технологияларды қолданудың тиімділігі өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Өйткені күнделікті жұмыс барысында технология мен әдіс тәсілдің ара-жігін ажырату да қарапайым оқытушы үшін кейде қиын болып жатады. Сондықтан педагогика ғылымында білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеудің міндеті жан жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан, жаңа технология бойынша әдістемелік жүйенің басты бөлігі оқыту мақсаты болып табылады.

Бұл әдістемелік жүйенің басқа бөліктерінде «мазмұн, әдіс, оқыту түрі мен құралдарының» өзара байланысы қалпында өзгертілуін талап етеді. Мұны орындау үшін мына ұстанымдар жүзеге асуы тиіс.

Білім алушылардың өзіндік іздену іс әрекетінің әдістерін меңгеру талап етіледі. Өйткені бұл әдістердің күнделікті пайдаланып жүрген оқыту әдістерінен айырмашылығы бар. Яғни, жаңа жағдайдағы қашықтықтан білім беру «оқу әдістемесі» деп отырғанымыз: «білім алушы-оқытушы» ұстанымының өзара тығыз байланыстығы. Демек,

мұнда бірінші орында білім алушы тұрады және оның өз бетінше білім алуындағы белсенділігіне басты назар аударылады.

Қашықтықтан оқытудың негізгі түрлері: оқытудың дербес және топтық түрлері табылады. Бұл жерде алға қойылатын басты мақсат – білім алушыларға деген сенім, оның өз ісіне жауап беру мүмкіндігіне сүйеніп беделі мен қадір қасиет сезімін дамыту.

Қашықтықтан оқытузаманауи педагогикалық технологияларды қолданудың тиімділігі мен мақсаты ғана бойынша «оқытуды ізгілендіру» талапты қанағаттандыра алмайды, сондықтан білім алушылардың өзбетімен білім алуына аса бейімделген тезистер мен ситуациялық тапсырмалар беріледі. Білім алушылардың білім, білік, дағдыларын жетілдіру үшін оқытудың жаңа технологиясы негізінде дифференциалдық және дербес деңгейлік ұстанымдарының талаптарына сәйкес өткізілетін әр түрлі сабаққа арналған жаңа тезистер арқылы тест сұрақтары қамтылады.

Қашықтықтан оқытузаманауи педагогикалық технологияларды қолданудың тиімділігінің жоғары білім деңгейін көрсету мақсатында сабақта тиімді әдістерді көбірек қолдану керек, сабақ барысында тезистер мен ситуациялық тапсырмалар, бақылау сұрақтары яғни дайындалған силлабус оқу бағдарламасы дұрыс пайдаланылса, білім алушылар сабаққа саналы және белсенді түрде қатысады, алған білімдері де берік болады. Сондықтан да білім алушылардың білімін арттыру үшін қашықтықтан оқыту сабағында жаңа технологияның элементтерін қолдана білу керек.

Мақаламды қорыта келе тобықтай сөздің түйінін қойғым келеді. Яғни ашық онлайн-курсы отандық оқытушылар үшін оқытудың тиімділігін қарастыруымен тиімді әрі пайдалы екендігіне көз жеткіздік. Себебі, қашықтықтан оқытудың ерекшеліктері мен түрлерін зерттеп, онлайн-сабақтардың оқу үдерісін жоспарлауды, оқу жетістіктерін бағалауды ұйымдастыруды үйрендік. Заманауи қашықтықтан оқыту технологияларын тиімді пайдалану қазіргі заман талабы болса, оны ұйымдастыруда оқытушы-профессорлық құрамның біліктілігі жоғары, зияткерлік және кәсіби деңгейі жоғары деңгейде дамыған болуы өте маңызды! Әр оқытушы күнделікті қашықтан оқыту сабақ барысында өз ісін зерттеп, жаңашыл әдіс-тәсілдермен білім алушының білім сапасын арттыруы ақпараттық технология арқылы жүзеге асыруды мақсат етуі қажет.

Әдебиеттер:

1. Ишанғалиева А.М. Құзыреттілік — білім мен мүмкіндіктің бірігуі // Қашықтан оқыту әдістемесі. — 2021— № 2. — 34-б.
2. Бабаев С., Қазиева К. Педагогикалық инновациялар мен педагогикалық озат технологиялар — талапшаң мұғалім еншісі // Қашықтан оқыту әдіс-тәсілдері. — 2021. — № 4. — 25-б.

ҚР ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының қылмыстық құқық, қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының оқытушысы полиция подполковнигі

Актюбинский юридический институт МВД РК им. М. Букенбаева уголовное право, уголовный процесс и криминалистика преподаватель кафедры подполковник полиции

Aktobe law institute named after M. Bukenbayev of the ministry of internal affairs of the republic of Kazakhstan criminal law, criminal process and criminalistics teacher of the department lieutenant colonel of police

Д.С. МУКАНОВА / D.S. MUKANOVA

ҚР ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының қылмыстық құқық, қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының оқытушысы, полиция майоры

Актюбинский юридический институт МВД РК им. М. Букенбаева Уголовное право, уголовный процесс и криминалистика преподаватель кафедры, майор полиции

Aktobe law institute named after M. Bukenbayev of the ministry of internal affairs of the republic of Kazakhstan criminal law, criminal process and criminalistics teacher of the department police maior

Қашықтықтан оқыту: артықшылықтары, кемшіліктері, ұйымдастыру мәселелері

Мақалада автор қазіргі жағдайды ескере отырып, Қазақстандағы қашықтықтан оқытуды мүмкіндіктерін бағалайды.

Түйінді сөздер: қашықтықтан оқу, қадір-қасиет, шектеулер.

Дистанционное обучение: преимущества, недостатки, организационные вопросы

Автором статьи оцениваются возможности дистанционного обучения в Казахстане с учетом современных реалий.

Ключевые слова: дистанционное обучение, достоинство, недостатки.

Distance learning: advantages, disadvantages, organizational issues

The author of the article evaluates the possibilities of distance learning in Kazakhstan taking into account modern realities

Keywords: distance learning, dignity, limitations.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Жоғары білім беру жүйесінде оқытудың төрт негізгі нысаны бар: күндізгі, кешкі, сырттай және қашықтықтан. Қашықтықтан білім беру үш технологияның көмегімен жүзеге асырылады (немесе оларды біріктірудің нұсқалары). Бірінші жағдайда, біз курсантарға оқу және зерттеу үшін іс жүзінде немесе нақты берілуі керек кейбір жағдайларды жасау туралы айтып отырмыз. Бұл аудио жазбалары бар дискілер немесе электронды (сирекқағаз) тасымалдағыштардағы үлестірме материалдар болуы мүмкін, олар білім алушыларға зерттелетін мәселенің негізгі мәнін түсінуге, кейіннен виртуалды кітапханалардың көмегімен жұмысты жалғастыруға мүмкіндік береді.

Қашықтықтан оқыту дегеніміз не? Қашықтықтан оқыту-білім алушыларға зерделенетін материалды жеткізуді, оқыту процесінде білім алушылар мен оқытушылардың интерактивті өзара іс-қимылын, сондай-ақ тесттерді, логикалық схемаларды, тест-

тренингтерді, сынақтар мен емтихандарды тапсыру түрінде материалдың игерілуін бақылауды қамтамасыз ететін ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың жиынтығы. Ақпараттық технологиялардың барлық түрлері қашықтықтан оқыту құралдары болып табылады. Қашықтықтан оқытудағы бүкіл оқу процесі пәндер жиынтығымен ұсынылған. Әр пән модульдерден тұрады-мазмұны бойынша белгілі бір пәндік салаға сәйкес келетін логикалық аяқталған ақпарат блоктары. Бұл Тәуелсіз оқу курстарының жиынтығынан жеке немесе топтық қажеттіліктерге сәйкес келетін оқу жоспарын құруға мүмкіндік береді. Әр модуль бірнеше дәрістерден тұрады. Дәріс материалы білім алушыларға сандық форматта слайд-дәрістер түрінде ұсынылған, олар педагогикалық дизайнды пайдалана отырып ресімделген, бұл білім алушының зейінін жандандыруға ықпал етеді және зерделенетін материалды меңгеру деңгейін арттырады. Оқу үрдісіндегі барлыққа жетті және пайдалы ақпарат қарапайым және түсінікті тілде біріктірілген, жүйеленген және баяндалған. Әр дәрісті тыңдағаннан кейін тест тапсырылады. Әр бір модульді зерделегеннен кейін ол бойынша модульдік тест тапсырылады, оны тапсырмай одан әрі оқыту мүмкін емес. Барлық модульдерді тапсырғаннан кейін осы пән бойынша сынақтың немесе емтиханның қорытынды тесті ашылады.

Қашықтықтан оқытуды жүзеге асырудың екінші нұсқасы телекоммуникациялық технологияларды – спутниктік немесе сандық теледидар арналарын пайдалану болып табылады, бұл студенттерге тек тыңдауға ғана емес, сонымен қатар оқытушылар мен мамандардың дәрістерін көруге, сондай-ақ бағдарламада қарастырылған түрлі бейне материалдарды зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл білім беру орнында білім беру бағдарламаларын өз жиіліктерінде тарататын жетекші университеттер бар. Бұл тәсіл көбінесе онлайн-сертификаттаудың әртүрлі түрлерімен бірге жүреді және студенттерге визуалды және аудио ақпараттарды алуды көздейтін пәндерді оқу кезінде нәтижелі болады.

Соңғы, бүгінгі таңда ең перспективалы технология-бұл интернет мүмкіндіктерін пайдалану. Интернет-технологияны қолдана отырып оқытуды жүзеге асыру үшін ЖОО арнайы портал ұйымдастырады, оларқылы білім алушылар өздеріне ыңғайлы кез келген уақытта оқу-әдістемелік материалдарға қол жеткізіп қана қоймай, аралық аттестаттаудың барлық түрлерінен өтеді.

Сонымен қатар, кейбір оқу орындары білім алушылар мен оқытушылардың Web – конференцияларға қатысуын, форумдар мен чаттарды пайдалануды (білім алушылар оларды қызықтыратын түрлі мәселелерді талқылай алады), сондай-ақ практикалық немесе зертханалық жұмыстар барысында виртуалды эмуляторларда тренингтерді қолданады [2].

Білім алушылар үшін Қашықтықтан оқытудың артықшылықтарын қарастырайық: қолжетімділік – интернетке қолжетімділігі бар компьютер бар кез келген жерде (үйде, жұмыста, поездда ноутбукпен) оқуға болады және оқу орталығының орналасқан жеріне байланысты емес. Әлеуметтік-тұрғылықты жеріне, материалдық жағдайына, жасына және денсаулық жағдайына қарамастан білімалуға тең мүмкіндік беретін әлеуметтік шиеленісті жеңілдетеді. Сапа-жоғары білікті оқытушылардан білім алуға және кеңесалуға, білімді меңгерудің тұрақты мониторингін жүргізуге, басқа білім алушылармен тұрақты байланыс орнатуға мүмкіндік береді, яғни топтық жұмыстар (мысалы, курстық жұмыстар) жүзеге асырылуы мүмкін, бұл курсанттарға қазір бәріне қажет командалық жұмыс дағдысын береді. Даралық-білім алушы үшін жеке оқу бағдарламасын, Жеке оқу жоспарын, сабақтардың жеке кестесін және пәндерді оқудың реттілігі мен оқу қарқынын, әсіресе жұмыс істейтіндер үшін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Объективтілік-білімді бағалау жүйесі объективті және оқытушыдан тәуелсіз; мұнда "тәуелділікпен" бағалау мүмкін емес. Ұтқырлық – ақпаратты оқытушы күн сайын түзетеді, яғни білім алушы өзекті материалды зерделейді, заманауи нарықты білетін кәсіпқой болады. Осылайша, қашықтықтан білім беру білім алушыларға дәстүрлі емес ақпарат көздеріне қол жетімділікті ашады, өзіндік жұмыстың тиімділігін

арттырады, шығармашылық үшін, әр түрлі кәсіби дағдыларды алу және бекіту үшін мүлдем жаңа мүмкіндіктер береді, ал оқытушыларға құбылыстар мен процестерді тұжырымдамалық және математикалық модельдеуді қолдана отырып, оқытудың түбегейлі жаңа нысандары мен әдістерін іске асыруға мүмкіндік береді [3].

Кез-келген қашықтықтан оқыту құралы сияқты, интернеттің де кемшіліктері бар:

* шектеулі техникалық мүмкіндіктер мен баяу модемдер дыбысты, бейнені және графиканы беруді кешіктіреді, деген мен тиісті технологиялар үнемі жетілдіріліп отырады;

* электронды қарым-қатынас пен оқыту құралдарына деген сенім тапшылығы; тыңдаушылар оқытушыны көргісі келеді және онымен "тікелей эфирде" сөйлескісі келеді»;

* оқытудың сәттілігі ішінара компьютерді басқарудағы, Интернетке көшудегі техникалық дағдыларға және техникалық қиындықтарды жеңе білуге байланысты;

* нақты (виртуалды емес) практикалық және зертханалық жұмыстарды орындау кезінде ғана алуға болатын бірқатар практикалық дағдылар бар;

* оқу-практикалық құралдарға қойылатын әдістемелік талаптар авторлардың зерттелетін материалды не ғұрлым толық ұсыну мүмкіндігін шектейді, ол оқытушы болмаған кезде оқу процесін басқару функцияларын толығымен өзіне алады [4].

Өкінішке орай, барлық мұғалімдер Қашықтықтан оқытуға көшуге дайын болмады және басты себептердің бірі – Интернет платформаларын пайдалануды білмеу Zoom мысалы. Тыңдаушылар мен қашықтықта байланыс және өзара әрекеттесу оңай емес. Осы себепті басында әрқашан қиындықтар болады. Сізге тек бастау керек, содан кейін шыдамдылық пен күш жинап, жұмысыңызды жалғастыру керек.

Адам қалыптасқан дәстүрлерге және кез-келген өзгерістерге үйренеді, жайлықтан шығу әрқашан бізді қорқытады. Бірақ бұл қорқады? Өйткені, уақыт барлық заманауи технологиялар, әдістер мен тәсілдер біздің ыңғайлылығымыз үшін ойлап табылғанын және жасалғанын көрсетеді. Барлық олар, шын мәнінде, практичны және действенны.

Әрине, қашықтықтан тиімді оқыту үшін уақыт қажет. Біздің елімізде барлық курсантар мұны қабылдай алмайды және қолдана алмайды, өйткені олар Қашықтықтан оқытуға моральдық тұрғыдан дайын емес, ал кейбіреулерінде интерактивті оқытуды қамтамасыз ету құралдары жоқ. Сондықтан бізге уақыт, әр түрлі платформаларды қолдану және әртүрлі бағдарламаларды қолдану тәжірибесі қажет. Қашықтықтан оқыту өте ыңғайлы екенін ұмытпаңыз және болжамдарға сәйкес болашақ оның артында тұр.

Қашықтықтан оқытуды дәстүрлі байланыс пен салыстырғанда зерттеу жұмыстары қашықтықтан оқыту курсантардың өзара әрекеттесуін, мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланысты, танымдық іс-әрекеттің барлық кезеңдеріндегі оқушының белсенділігін қамтамасыз ететін әдістер мен технологияларды қолданудағы дәстүрлі сияқты тиімді болатындығын көрсетті [5].

Әдебиеттер:

1. Желудкова Л.И. Дистанционное образование как инновационная форма обучения //Л.И.Желудкова, Т.А.Высочина.// Педагогика: традиции и инновации: материалы III Междунар. науч. конф. (г. Челябинск, апрель 2017 г.) С. 111-115
2. Хуторской А. На урок к дистанционному учителю. О всероссийском конкурсе «Дистанционный учитель года» // Мир Internet. – 2011. – № 8. – С. 26-29
3. Триндаде А.Р. Информационные и коммуникационные технологии и развитие человеческих ресурсов // Дистанционное образование. – 2010. – № 2. – С. 5-9
4. Интернет-журнал «Эйдос». – 2012. – 20 марта. – <http://www.eidos.ru/journal/2001/0320.htm>
5. Дистанционные образовательные технологии – 2014 //Междунар. науч.-практ. конф. на базе карагандинского экономического университета Казпотребсоюза. – Караганда, 2014.С.

Қазақстан Республикасы ІІМ М. Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының кәсіби даярлық факультетінің аға оқытушы-әдіскері полиция майоры

Актюбинский юридический институт МВД РК им. М.Букембаева старший преподаватель-методист факультета профессиональной подготовки майор полиции

Aktobe law institute of the ministry of internal affairs of the republic of Kazakhstan named after M.Bukenbayev senior lecturer-methodologist of the faculty of professional training police maior

Болашақ ПО қызметкерлері-бүгінгі тыңдаушыларға патриоттық тәрбие беру взвод кураторының басты міндеті

Болашақ полиция қызметкерлерін тәрбиелеудің маңызды жұмысы патриоттық тәрбие болып табылады.

Түйінді сөздер: патриоттық тәрбие, тәрбие ісі, патриоттық сезім, интернационализм.

Будущие сотрудники ОВД-главная задача куратора взвода патриотического воспитания сегодняшних слушателей

Важная работа по обучению будущих полицейских это патриотическое воспитание.

Ключевые слова: патриотическое воспитание, воспитательное дело, патриотические чувства, интернационализм.

The main task of the platoon curator is to educate future police officers - today's students

The important work of educating future police officers is patriotic.

Keywords: patriotic education, educational work, patriotic feelings, internationalism.

